



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

10.5 Социальное неравенство в современном Казахстане

УДК315.11:316

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Әшірбаева Фарида Мамырқызы

Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Әлеуметтану» мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Смағамбет Б.Ж., э.ғ.к., доцент

Қазақстанда шетелдік жұмысшы күшін реттеу ХХ ғасырдың 90- жылдарының басындағы ел экономикасының күрделі әлеуметтік-экономикалық дамуымен қатар жүрді. Қазақстан экономикасының соңғы 10 жылда орнықты даму траекториясына шығуымен шетелдік жұмысшы күшін тартуға қатысты анағұрлым тиімді көші-қон саясаты байқалады. Негізінен бұл ҚР үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында жоғары білікті мамандарды тартумен байланысты. ҚР еңбек көші-қонын реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру үшін озық шетелдік тәжірибені зерделеу қажет.

Үкіметтің арнайы ресми статистикасы болмағандықтан Халықаралық көші-қон ұйымының 2013 жылғы санағы бойынша Қазақстанда жарты миллионнан бір миллионға дейін мигрант жұмысшы еңбек етіп жүр. Олардың үштен екісі Өзбекстаннан, 25% Қырғызстаннан, қалғандары Тәжікстан және ТМД-ның тағы басқа елдерінен келген. Кейбір мекемелер алдағы жылдары мигранттар саны 3 миллионға дейін жетеді және олардың 200-300 мыңдайы ғана заңды түрде тіркеліп жұмыс жасайды деп болжайды. [1,39 б.].

Бүгінгі күні шетелдік еңбек мигранттарын Қазақстанның барлық қаласында, барлық салада кездестіруге болады. Оларды жедел қызмет көрсету, құрылыс, сауда саласында кездестіруге болады. Сонымен қатар шетелден келетін еңбек мигранттарының көбі біліктілігі жоқ, аз ақшаға қызмет көрсететіндер, егер білікті мамандар келіп Отандық өнімді дамытса, Қазақстан экономикасы білікті мамандармен толығыр еді. [2,40 б.]. Қазақстанды аландатып отырған шетелден келетін еңбек мигранттары тұрғылықты халықтың демографиялық жағдайына, оның ішінде салт-дәстүр мен тілге, халықтың этномәдени бірегейлігінің сақталуына қатты әсер етеді.

Елдің «ашық болу» саясаты, эмиграцияға байланысты көзқарастардың либералдануы халықтың Қазақстаннан басқа елдерге қоныс аударуларын күшейтіп жіберді, мұның өзі еңбек әлеуетін азайтты. Қазақстан үшін жоғары білікті кадрлардың ғылым саласынан басқа салаларға ауысып кетуі көкейкесті мәселеге айналып отыр. Шетелдіктер миграциясы мемлекеттік шекаралардың ашық болуына, республиканың геосаяси орналасуына, ұлтаралық қатынастарды тұрақтылығына, сондай-ақ миграция жөніндегі заңдардағы кемшіліктерге әрі миграция үдерістерін мемлекеттік реттеу тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты туындап отыр. Мемлекеттің саяси тұрақтылығы, оның нарықтық қатынастарға бағыт алуы Қазақстанды шетел капиталы мен жұмысшы күші үшін тартымды етіп отыр. Елге қоныс аударушыларға байланысты жаңа мәселелер туындауда. Мигранттардың шамадан тыс көптігі кез келген елдің ішкі еңбек нарығындағы бәсекелестікке төнген қауіп және оның отандық экономикаға кері әсер ететіні белгілі. Бір жағынан алғанда, жаһанданудың табиғи үрдісі ретінде қабылданатын заңсыз миграция мәселесі – Қазақстанның күн тәртібінде тұрған мәселе.

КСРО ыдырағаннан кейін экономикалық тұрғыда белгілі жетістіктерге қол жеткізілген Қазақстанға сырттан ағылатын заңды және заңсыз мигранттар көп. Мәселен, миграциялық деңгейі жағынан алғанда, Қазақстан алпауыт АҚШ-тың өзін басып озды. Біріккен Ұлттар

Ұйымының соңғы мәліметтеріне сүйенсек, еліміздегі мигранттар саны американдық көрсеткіштерден 7 % артып отыр. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасы мен ынтымақтастығы жылдан жылға тереңдеп келе жатқаны мәлім. Осы тұста екі ел арасындағы миграциялық алмасудың ұлғаюын байқауға болады. Қытайдан көшіп келу үрдісінің өсуіне байланысты екі ел азаматтарының қарым-қатынасында жаңа құрылымдар орын алып отыр. Қытайдың көршілес елдерге, сондай-ақ алыс жатқан мемлекеттерге қоныс аудару тәжірибесі бар. Соңғы жиырма жыл ішінде Қытай экономикасының жылдам қарқынмен дамуы, басқа елдермен тығыз экономикалық, саяси және басқа да қатынастардың жүргізілуі мемлекетаралық миграцияның жандануына негіз болды. Оның себебі: көп халқы бар елде халықты жұмыспен қамту өте қиын. Елде жұмысшылардың алатын еңбекақысы мардымсыз, сондықтан халықтың көпшілігі басқа мемлекеттерге кеткісі келіп тұрады. ҚХР-да демографиялық мәселе күрделі мәселелер қатарында болғандықтан ҚХР жаңа көрші мемлекеттердің еңбек саласына енуді көздейді. Осындай қалыптасқан жағдайда көршілес мемлекеттерде болып жатқан саяси трансформациялар, жаңа егемен мемлекеттердің пайда болуы Қытайдың осы көздеген мақсатына жетуіне алғышарт негізінде қалыптасты. 1992 жылы Қазақстанның сол кездегі үкімет басшысы С.Терещенко Пекинге барған сапары аясында Қазақстан мен Қытай арасында визасыз барыс-келіс жөніндегі келісімшартқа қол қойған. Сонымен қолында шетелге шығуға арналған паспорты бар қытай азаматтары Қазақстанға ағыла бастаған. Бұл мәселе сол кездегі Қазақстан Жоғары кеңесі депутаттарының назарын аударды, зиялы қауым келеңсіздікті тез байқады. Дегенмен іскерлік, оқу, жекесепар, туристік т.б. жолдармен келіп, қалып қойып жатқан қытай азаматтарының қатары әлі де азаймай отыр. Қазіргі таңда Қытайдағы халық өз ернеуінен асып тұр. «Демографиялық империализм» тезисінің өкілдері Гогуан және Ван Чжаоцзюань өздерінің «Дэн Сяопиннен кейінгі 10 проблема» деген еңбектерінде былай деп жазады: «егерде 10% қытайлық өз елінен басқа бір жаққа кетер болса, дүние жүзінің кез келген мемлекетіне дағдарыс төнеді». Қазақстанмен бірге әлемді де алаңдатып отырған осы мәселе. Қытайдың территориясымен шектесіп жатқан аудандарға назар аударып қарасак, халықтың тығыз орналасуын байқауға болады. Қуатты елдердің қатарындағы Ресейді есептемегенде, қытай азаматтары ОА аймағын қоныс аударудың және өзінің экономикалық мүдделерін жүзеге асыратын бірден бір ықпалды және тиімді аймақ ретінде қарастырады. Осы орайда ҚХР тарапынан жүргізіліп отырған саясат төмендегі шараларға сүйенеді. Мәселен, 2002 жылдың 31 желтоқсанынан бастап Қытай үкіметі басқа елдерге кететін азаматтарының құжат рәсімдерін барынша жеңілдеткенін және қаржыландырып отырғанын байқаймыз. Бұдан Қытай үкіметі өз азаматтарының шетелге кетуіне мүдделі екендігін көруге болады. Оған қоса 2004 жылдан бастап қытай азаматтарының Қазақстанда бір күн визасыз болуына және жиырма адамнан тұратын туристік топтарға виза беруге үкіметіміз келісті. Осы сәттен бастап Қазақстанға қарай қытай азаматтарының легі артып келеді. [3,10 б.]

Ресейлік зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда, қытайлықтарды шетелге шығарып отырумен жүйелі айналысатын бейресми жасырын ұйымдар бар. Әр елге шығарудың өзіндік мөлшері бар. Еуропа елдеріне 8-10 мың доллар, Ресейге 2,5 мың доллар көлемінде әр адамға шығын жұмсайды. Қазақстан ең арзандарының қатарына кіреді. Сондай-ақ, Қытайдағы ерлер мен әйелдер арасындағы табиғи теңдіктің бұзылу үрдісін айтып кеткен жөн. «Бір отбасыға бір бала» саясатына 25 жылдай уақыт болды. Енді қазір сол кездегі реформа перзенттері отбасы құратын жасқа жетті. Сондықтан қытай азаматтары әйел затын сырттан іздеуге мәжбүр. Қазіргі кезде Қытайда кейбір шарттар негізінде екі балалы болуға рұқсат етілді. Бұл енді елдегі демографиялық тасқынның басталуына негіз болады. [4,45 б.] Ресей зерттеушілері И.Федотов пен Л.Селиванованың пікірі бойынша «барлық иммиграция түрлерінің ішінен Қытай өкілдерінің миграциясы, біздің ұлттық қауіпсіздігіміз үшін өте қауіпті». Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне де Қытай миграциясы ықпал етуі мүмкін. Қытайдың экономикасын көтерген, инвестиция әкелген де осы шетелдегі қытай азаматтары деп санайды зерттеушілер. Бұған бірден бір мысал ретінде Алматы қаласындағы қытай азаматтарының белсенділігін айтуға болады. Бір Алматы қаласында 100 тарта қытай

кафесі мен мейрамханалары, 270 бірлескен кәсіпорын, 2 банк, 48 жанармай құю бекеті, бір Мәдениет орталығы, Қазақ Ұлттық университеті жанындағы Қытай тілі орталығы, Конфуций институты бар.

Қазіргі Қазақстанда демографиялық жағдай күрделі. Елдегі табиғи өсім баяу жүруде. Бұл үрдіс жалғаса берсе, Қазақстан Германия, Франция, т.б.елдер сияқты жұмыс күшінің импортына көшуі мүмкін. және еңбек нарығында үлкен бәсекелестіктің пайда болуына әкеледі. Негізінен Астана мен Алматыны бетке алатын өзге елдерден келетін жұмысшылар саны соңғы 5 жылда едәуір артып отыр. Қазіргі кезде Қазақстандағы жұмыссыздардың көпшілігі жоғары білімі мен белгілі бір мамандығы жоқ, қарапайым жұмысшылар болып табылады. Яғни, ішкі еңбек нарығында сырттан келетін білікті мамандарға ғана сұраныс бар, ал қарапайым жұмысшылар күшін қажет етпейді. Солай бола тұра, Қытайдан келетін заңсыз мигранттардың көпшілігі қара жұмысқа орналасады. Мұның себебі, өзге елден келетін заңсыз мигранттар еңбекке жалдаушылар беретін мардымсыз жалақыны қанағат көреді. Бұл қалыптасқан жағдайдан елімізде жұмыс таба алмай жүрген қарапайым азаматтар зиян шегеді. Шетелдік азаматтардың елімізге көп келуі елдің ұлттық құрамына әсер етеді. Мәселен, ресми деректерге сүйенсек, 300 қытай азаматтары қазақ қыздарына үйленіп, Қазақстандық азаматтық алған. Бұл құбылыс жалғаса берсе, Қазақстанда өзге ұлт өкілдері басым болу қаупі бар. Мәселен, Сингапурдың тарихи жергілікті тұрғындары малайлар екенін білеміз. Алайда соңғы жарты ғасырдай уақыт көлеміндегі қытайлардың келу есебінен, малайлар өз жерінде азшылыққа айналып қалды. Дәл қазір Сингапурда халық санының 77% қытайлықтар құрап отыр. Қазақстанда мұндай жағдай орын алмау үшін барлық шараларды жасау керек. [5,25 б.]

Ресейдегі экономиканың маңызды саналатын бір секторы - еңбек нарығы десек, осы нарықтағы еңбек миграциясы да хал үстінде. Жуырда Ресейдің Федералды көші-қон қызметінің басшысы К.Ромодановский жыл басында елдегі еңбек мигранттар санының күрт азайғанын, яғни 70% төмендеп кеткендігі туралы мәлімдеме жасаған болатын. Соның артын ала көрші ел сарапшылары «гастарбайтерлер легі енді Қазақстанға ағыла бастайды» деп болжамдады. Осы жыл Қазақстанның көші-қон секторына біраз қиындықтар туғызуы мүмкін. Ресейлік әлеуметтанушы ғалым С.Абашиннің пікірінше, «Қазақстан бұған дайын емес».

Әлемдегі танымал әлеуметтік желілердің бірі саналатын Forsage HR агенттігінің директоры Елена Грищуктың «ЕАЭО, Батыс пен Ресей арасындағы санкция мен Украинадағы жағдайды ескерсек, макроэкономикалық үдеріс салдарынан еңбек мигранттарының үлесі күрт артқалы отыр. Ал Қазақстандағы еңбек нарығында бос жұмыс орындарының саны көбеймейді». Қысқасы, гастарбайтерлер жағдайды ушықтыруы мүмкін. Бірінші кезекте криминогендік жағдайды айтсақ болады. Мәселен ҚР ПМ бір мәлімдемесінде «шетелдіктер тарапынан біздің елде жыл сайын екі мыңға жуық қылмыс тіркеледі. Айналысатындары негізінен ұрлық-қарлық пен есірткі тасымалы. Сондай-ақ, жыл сайын 80-100 шетелдік азамат біздің елдің көші-қон заңдарын бұзып жатады» делінген. Елімізде еркін жүрген заңсыз мигранттар іштегі сыбайлас-жемқорлықтың туындауына да себепкер. Мысалы, статистикалық деректер бойынша, жыл сайын жарты миллионға жуық арзан жұмыс күші біздің елден табыс тауып кетеді. Ал ресми дерек бойынша, яғни квотамен келетіндер саны 30 мыңнан асады. Өткен жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 63 мың шетелдік азаматқа жұмыс істеуге рұқсат берілген болатын, яғни еліміздің экономикалық белсенді тобының шамамен 0,7% құрайды. 500-600 мың мигрант құзырлы орындардың кейбір қызметкерлерінің «табыс көзі» әрі сыбайлас-жемқорлықтың туындауына да себепкер болып отыр. «Халықтың көші-қоны туралы» заңына біраз өзгертулер енгізілген. Заңға сәйкес, жеке тұлғалардың үй шаруашылығына бір мезгілде бес еңбек иммигрантын ғана тартуға рұқсат етілген. Сондай-ақ, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 396-бабында жұмыс беруші-жеке тұлғаға жұмысқа тартылатын еңбек иммигранттарының шектеулі санын бұзғаны үшін әкімшілік жауапқа тарту туралы норма бар. Оған қоса шетелдік азаматтарды дактило-фототіркеу арқылы бақылауды күшейту қарастырылған.

Алайда мұндай база қылмыстың азаюына қаншалықты әсер етеді, ол жағы белгісіз. Былайша айтқанда, жаңа заң шетелдік азаматтар тарапынан болатын қылмыстың алдын ала алама, оған ешкім кепілдік бермейді. Демек, Ресейдің 70% еңбек мигранттары бізге келсе, қылмыстың көбеюі әбден ықтимал.

Дүние жүзіндегі саяси тұрақсыздық террористік әрекеттердің ұлғаюына байланысты болып отыр, сондықтан бірқатар мемлекеттерден келетін мигранттарға жартылай шектеу енгізгеніміз жөн. Еліміздің еңбек нарығына тек қажетті, сұранысқа ие мамандарды ғана тартуымыз керек. Мысалға, Бельгияда сырттан келетін мигранттар өзінің кәсіби біліктілігін көрсетіп, елдің дамуына үлес қоса алатынын дәлелдегеннен кейін ғана қабылдаушы елде тұрақтауына рұқсат етіледі. Біздің елде де осындай жүйені қалыптастырғанымыз игі болар еді. Сонымен қатар келешекте өз территориямызда өзге ұлттардың территориялық анклавтарының қалыптасуын болдырмау үшін ассимиляцияға тез ұшырамайтын халықтарды бір жерге шоғырландырмағанымыз дұрыс болады. Кез-келген мемлекетте тіл, дін, дәстүр елдің елдігін сақтап қалуда маңызды орын алады.

Қолданылған әдебиет

1. Поладова (Гайдарова) Л.Т. Борьба с нелегальной миграцией: поиск эффективного решения проблем// Устойчивое развитие региона в условиях экономической интеграции России в мировое хозяйство/ Материалы 54-й научно-методической конференции «Университетская наука - региону»/ Отв. ред. В.А. Шаповалов. – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2009.

2. Красинец Е., Кубишин Е., Тюрюканова Е. Нелегальная миграция в Россию. - М.: ACADEMIA, 2000.

3. Есенбек Г. А. Қазақстандағы заңсыз миграция, интернет ресурс, 2013.

Заңсыз мигранттар ұлттық қауіпсіздікке, демографияға, экономикаға төнген қауіп/ Нәзия Жоямергенқызы. Түркістан 2013 ж. №10 (972).

4. Казаков А.О. Трудовая миграция-принципиальные подходы и реальные возможности, Внешняя торговля. 2007 .

5. Миграционная ситуация и миграционная политика в современном мире. Материалы международной школы. Семинар: миграция, теория, методы и практика регулирования миграционных процессов. Москва, 3-22 августа 2011

УДК 315.11:316

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫРҒЫЗ ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫ

Байдақұлов Нұржан

baydakulov95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтану мамандығы 2 курс
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Смағамбет Б.Ж.

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстандағы экономикалық реформалардың сәтті жүргізілуі көршілес мемлекеттерден еңбек мигранттарының қоныс аударуына қолайлы жағдай туғызды. Қазіргі уақытта Қазақстанның экономикалық интеграцияға түсуі Орталық Азия, әсіресе, Қырғызстаннан келетін еңбек күшінің артуына себеп болып отыр. Оның үстіне Ресейдегі экономикалық дағдарыс пен рубльдің құнсыздануы және ресейлік көші-қон саясатының еңбек миграциясына талапты күшейтуіне байланысты қырғызстандық еңбек мигранттарының көші-қон стратегиясын өзгертуі мүмкін екені болжануда. Осы себепті алдағы уақытта қырғыздар алыс Ресейден гөрі, Қазақстанға келуді тиімдірек көріп жатса, мигранттар саны елімізде бірнеше есе артады. Ресей Федерациясы Статистика агенттігінің тапсырысымен «ЛевадаЦентр» орталығының әлеуметтанулық зерттеулеріне сәйкес елдегі